

Шамшәдин Керім  
Әл-Итқани әл-Фарабидің  
«Аш-Шамил» кітабы

Мақалада қазақ жерінен шыққан аса көрнекті шариғаттанушы, дін ғұламасы Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фарабидің (1286-1357) «аш-Шамил» (қазақ тіліне аударғанда «жеткілікті, толық» деген мағынаны білдіреді) атты усул әл-фиқһ саласында жазылған көлемді сөз болады. Бұл кітап – «Усул әл-Баздауи» атымен белгілі әли ибн Мұхаммад ибн әл-Хүсейн ибн әбдул Карим ибн Мұса ибн Иса ибн Мұжаһид әл-Баздауидің (400 /1010 – 482 /1089) «Канз ул усул илә мағрифати усул» атты еңбегіне жасалған шарх. Мақалада еңбектің әлем кітапханаларында сақталған қолжазба нұсқалары туралы мәлімет беріледі, туындының жазылу себебі, оқымысты әдістемелік үстанымы баяндалады.

**Түйін сөздер:** усул әл-фиқһ, шарх, хадис, дереккөздер, ханафи мәзхабы, мұсылмандық құқық негіздері.

Shamshadin Kerim  
The book of Al-Itkani al-Farabi on  
«Ash-Shamil» usul al-fikh

This article is about the «ash-Shamil» words (it means «sufficient, full» in kazakh), the author of which is the well-known sharia scholar, the Kau-am ad-din al-Itkani al-Farabi scientist and religious scholar (1286-1357), who released from Kazakh land. This book is known under the name of «Usul al-Bazdaui», which is the interpretation to the work of Ali ibn Muhammad ibn Al-Husein ibn Abdul Karim ibn Musa ibn Isa ibn Mudzhahid al-Bazdaui (400 / 1010 – 482 / 1089) of «Kanz ul usul ila magrifati usul». The article contains the information on the preserved versions of the manuscripts of the works of world libraries, the reason for writing the work: the methodological principles of the scientists are narrated there.

**Key words:** usul al-fikh, sharh, hadis, source, mazkhab Hanafi, foundations of Muslim Law.

Шамшәдин Керим  
Книга Аль-Итқани аль-Фараби  
по усуль аль-фикху  
«Аш-Шамиль»

В статье рассматривается объемный труд видного знатока шариата, ученого-религиоведа, выходца из казахских земель Кауама ад-Дина аль-Фараби в области усуль аль-фикх «аш-Шамиль» (в переводе на русский означает «достаточный, полный»). Труд представляет собой толкование книги Абд аль-Карима ибн Мұса ибн Иса Муджахида аль-Баздауи (400/1010 – 482/1089) «Канз аль-усуль иля мағрифатиль-усуль», также известного под названием «Усуль аль-Баздауи». Статья дает ценную информацию о рукописных копиях труда, хранящихся в библиотеках по всему миру, а также причины написания и методологические принципы ученого.

**Ключевые слова:** усул ал-фикх, шарх, хадис, источники, мазхаб ханафи, основы мусульманского права.

**ӘЛ-ИТҚАНИ  
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ  
«АШ-ШАМИЛ»  
КІТАБЫ (І БӨЛІМ)**

Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби (1286-1357) қазақ жерінен шыққан аса көрнекті шариғаттанушы, дін ғұламаларының арасындағы көрнектісі, оның үстіне айтулы тұлғаның қалдырған мұрасы ұлан-ғайыр. Оқымыстының қолынан шыққан құнды туындылардың дені жоғалмай, біздің заманымызға аман-есен жетіп отыр. Тәуелсіз елімізде рухани жаңғыру үдерісінде діни мирастарымызды айналымға қосу, игерудің маңыздылығы арта түсуде. Әр түрлі діни бағыттар жастарымызды шатыстырған қазіргідей мезгілде елімізде, оларға қарсы Ханафи мәзһабы басты бағдар ретінде қабылдануда. Осы орайда әл-Итқани сынды Ханафи мәзһабын қатты ұстанып қана қоймай, оны ғылыми негізде дамытуға, қорғауға үлкен үлес қосқан дара тұлғаны танып-білудің мәні зор деп есептейміз.

Қауам ад-диннің усул фиһк саласында жазылған «ат-Табиин» және «аш-Шамил» атты екі еңбегі бар. «Ат-Табиин» кітабы («түсіндіру», «ашып көрсету») – Умар әл-Ахсикаси әл-Ханафидің (?-1247) «әл-Мунтахаб фи усул әл-мазһаб» («Мазһаб негіздері бойынша таңдамалы») атты еңбегіне жасалған түсіндірме еңбек.

«Аш-Шамил» жарық көрмей, қолжазба күйінде сақталып келеді, тек соңғы жылдары ғана Сауд Арабиясы Корольдігінің астанасы ар-Риядтағы Имам Мухаммад бин Сауд Ислам университетінің шариғат факультетінде магистрлік және докторлық диссертациялар ретінде жекелеген тараулары зерттеле бастады. Біз осы мақаламызды жазу барысында аталған диссертациялық жұмыстарға сүйендік.

«Аш-Шамил» (қазақ тіліне аударғанда «жеткілікті, толық» деген мағынаны білдіреді) – «Усул әл-Баздауи» атымен белгілі әли ибн Мухаммад ибн әл-Хүсейн ибн әбдул Карим ибн Муса ибн Иса ибн Мужаһид әл-Баздауидің (400 /1010 – 482 /1089) «Канз ул усул илә мағрифати усул» атты еңбегіне жасалған шарх.

Ғалым әрбір шығармасының алғы сөзінде оны жазуға себеп болған жағдайларды айтып өтуді әдетке айналдырған. Мысалы, «Ғаятул-Баян», «ат-Табиин», «Рисала фи тарки рафул йадайн индир руку уә рафир раас мин», т.б. кітаптарында осы жайды кездестіруге болады. Бірақ ол, әдетінше, кітаптың кіріспесінде осы еңбегін жазуға түрткі болған жағдайға тоқталған болуы

мүмкін. Алайда, «аш-Шамил» кітабының бірінші бөлімін зерттеушілер еш жерден қолына түсіре алмауына байланысты бұл туындының жазылу себебін нақты тап басып айта алмай отыр.

Дегенмен, «Усул әл-Баздауидің» түсіндірмесін жазуға төмендегі жағдайлар түрткі болды деп санаймыз:

Ғалымның Алла Тағала дінін тек өзі жетік үйренумен шектеліп қалмай, оны өзгелерге үйретіп, Жаратушының разылығына жету ең басты мақсаты болғандығына осы еңбегінде келтірілген: *«Алла Тағала, біздің жасаған еңбегіміздің жемісін беріп, өзің разы болып, қабыл ала көр. Сен – ең жақын, әрі қабыл алушысың!»* – деген сөздері дәлел. Ғалым фикһ іліміне қызмет ету, дамыту, тарату, усул әл-фикһ ілімін түсінуді жеңілдету, қағида ережелерін, дәлелдерін қанықты етіп түсіндіру, басқа мәзһабтың пікірлерімен салыстыра білуді мақсат тұтқанын аңғару қиын емес.

Ілімпаздың өзі де жас шәкірт кезінен бастап бұл кітапты оқып өскен. Ас-Сығнақимен (714/1314 ж. дүниеден өткен) бірге «Усул» оқып шыққандығына Қауам ад-диннің «ат-Табиин» атты өз кітабындағы: «Нишапурда Фахр әл-Исламның «Усулын» оқып жүргенде, тамаша ғалым, имам, ұстаз Хұсам ад-дин ас-Сығнақидан естіп едім...»; «әл-Кәфидің» авторы Нишапурда Фахр әл-Исламның «Усулын» оқытқан кезінде айтып еді...» деген сөздері айғақ. Ал ас-Сығнақидің «әл-Кәфиі» «Усул әл-Баздауиге» арналған бес томды шарх екені мәлім.

Өмірінің соңына дейін ұстаздық жұмыспен шұғылданумен қатар қаламын тастамаған әл-Итқанидің усул әл-фикһ ілімінде шоқтығы биік, пайдасы мол «Усул әл-Баздауи» кітабын шәкірттерге ұғынықты етіп түсіндіріп, кітапта қамтылған мәселелерін жеке-жеке бүге-шүгесіне дейін талдауды, қалтарыстағы сырларын ашық жеткізуді міндеті деп санағаны күмәнсіз.

Хаджи Халифа: «Бұл – аса маңызды кітап, дәлелдері қуатты, қысқа әрі ауыр сөйлемдермен жазылғандықтан, шәкірттерге, тіпті ғалымдарға да оны түсіну оңайға соқпайды. Сондықтан үлкен ғалымдар оған түсіндірме жазып, жасырын, терең жатқан, тұспалдап айтқан мағыналарын ашып берген. Солардың бірі – шейх Қауам ад-дин әл-Отрари ал-Ханафи»<sup>1</sup>.

«Усул әл-Баздауи» шархы бірнеше сипаттарымен ерекшеленеді: автор нақли дәлелдер келтіруге көбірек көңіл бөліп, усул ғалымдарының қолданатын хадистерін, белгі-

лі хадис кітаптарындағы дәрежесін, тізбектерін келтірген, сөздердің тілдік мағыналарын сенімді дереккөздерден дәлелдерімен аша түсуге күш салған.

Түсіндірмені жазу барысында көзқарастары, дәлелдері пайдаланылған ғалымдардың есімдері мен еңбектеріне сілтеме жасап отырған. Кітаптың осы және өзге де ерекшеліктеріне келесі тарауларда кеңірек тоқталатын боламыз. Оқып отырған адамға әл-Итқанидің өзі осы көлемді еңбегін шәкірттеріне дайын көмекші құрал күйінде жарайтындай деңгейде ұсыну үшін жазғандығы анық байқалады.

Ханафи мәзһабының усул (мұсылмандық құқық негіздері) саласындағы ең маңызды әрі іргелі еңбек ретінде мойындалған Фахрул-ислам әл-Баздауидің «Усул» кітабына көрнекті ханафи ғалымдары түсіндірме еңбек (шарх) жазуы – түсінікті жайт. Фахрул ислам әл-Баздауи шығармаларының күрделілігіне байланысты «Әбулғуср» деген лақаппен танылған. Оған бір топ ханафи ғалымдары комментарий жазып, мағыналарын түсінуді жеңілдетуді мақсат еткен. Аталған туындыны әл-Итқаниге дейін түсіндіргендер аз болмаған, оқымысты олардың көпшілігімен етене таныс болған.

Кітаптың алғашқы бөлімінің қолымызға түспеуіне, сондай-ақ дереккөздерде де айтылмағанына байланысты, түсіндірменің жазыла бастаған уақытын тап басып көрсету қиын. Дегенмен, ғалым бұл еңбегін 747/1346 жылы «Ғаятул-Баян» кітабын жазып бітіргеннен кейін бастады деп шамалаймыз.

«Баян ақсам ас-сунна хатта ахир баб ат-таағн алхақку ал-хадис мин қабл ғайр рауиһ» атты бөлімді жазуды ол дүйсенбі, яғни 754/1353 жылы рабиғул ахир айының тоғызында Каир қаласында бастап, 758/1357 жылы рамазан айының он жетісі күні Каир қаласында аяқтағанын осы бөлімнің алғы сөзінде және қорытындысында көрсеткен.

Ғалымның бөлімді бастап және аяқтауында бұл берекелі күндерді арнайы таңдауында үлкен мән-мағына, сыр жатқан секілді. Бұл жағдай кітаптың басқа бөлімдерінде де байқалады. Осы кітаптың төртінші бөлімін 752/1351 жылы, жиырма үшінші жумадал ахира айының дүйсенбі күні бастап, 754/1353 жылы рабиғул ахир айының бейсенбі күнінің бесін уақытында аяқтайды. Төртінші бөлімді аяқтауы мен бесінші бөлімді бастауында төрт-ақ күн айырмашылық бар. Төртінші бөлімді бейсенбі күні бітіп, бесінші бөлімді келесі дүйсенбі күні бастайды.

Ал ислам шариятында дүйсенбі мен бейсенбі күндерінің артықшылығы белгілі. «Тақсим

<sup>1</sup>Кашф аз-зунун 1/112

ас-Сүнна фи хақ ан-наби хатта ахир аш-шарт ас-сани мин шурут ал-қияс» атты жетінші бөлімді жаза бастаған уақыты туралы әл-Итқани осы бөлімнің бірінші парағына: «аш-Шамил фи шарх усул әл-фиқһ ли шейх әл-имам Фахр ул ислам Али әл-Баздауи» кітабының жетінші және сегізінші бөлімдері, авторы – әлсіз құл Әбу Ханифа әмир Кәтиб ибн әмир Омар әл-Ғамид әл-Фараби, Жумадал ахира айы жеті жүз елу бесінші жылы Каир қаласында бастап жазды», – десе, осы бөлімді жазып біткен уақытын: «Зулхиджа айы жеті жүз елу бесінші жыл, Каир қаласы, әл-Мәлик ан-Насыр ибн Мәлик ан-Насыр ибн Мәлик әл-Мансұр билігі кезінде» деп белгілейді. Бұл бөлімді шамамен жеті айда жазып шыққан.

«Аш-Шамил» – ғалымның кемеліне келген, ғұмырының соңында жазған туындысы. Бұл шығармасын жазуға ол жеті-сегіз жыл уақытын арнаған.

**Еңбектің әлем кітапханаларында сақталған қолжазба нұсқалары:**

*I. Түркия, Стамбул:*

Сүлеймания кітапханасы, Жаруллаһ қоры, нөмірі: 488; парақтардың саны – 188, нұсқа толық, кемістігі жоқ. Авторлық нұсқадан көшіруші – жерлесіміз Мұхаммад бин Ахмад Махмуд әл-Фараби. Қолжазба соңында «Бұл том басынан аяғына дейін автордың нұсқасымен бірдей. Түпнұсқамен салыстырған – автордың баласы әмир Ғалиб ибн әмир Кәтиб. Алла Тағалла (оны мейіріміне бөлесін)» деп жазылған. Каир қаласында Сарғатмашия медресесінде хижра бойынша 760 жылы Рабиул аууал айының соңында көшірген. 7-8-том.

Жаруллаһ қоры, нөмірі – 487, 5-6-том (232-340 б);

Жаруллаһ қоры, нөмірі – 485, 2-3-том, (253 б);

Жаруллаһ қоры – 500, парақтарының саны – 147, 1-томнұсқа толық, кемістігі жоқ. Көшіруші – ас-Саид әли Омар бин ас-Сайд Юсуф. Қолжазба соңында автордың нұсқасында 994 жылдың жұмадал улла айының 25-де бірдей көшіріліп аяқталғаны көрсетілген.

*II. Египет Араб Республикасы, Каир:*

Дарул кутуб (Кітаптар үйі), нөмірі: 208, 273 парақ, автор әмир Кәтибтің өз қолымен Каир қаласында 754 жылдың зулхиджа айында жазылған нұсқа. Бұл нұсқадан жасалған көшірме Сауд Арабиясында Мәдинадағы Ислам университетінде 2628, 211/90 нөмірмен сақтаулы;

Дарул кутуб (Кітаптар үйі), нөмірі: 389/1;

Дарул кутуб (Кітаптар үйі), нөмірі: 372/1;

әл-Хидауи кітапханасы, нөмірі: 239/2;

Араб қолжазбалар институтында Египеттің Дарул кутубындағы нұсқалардан, сондай-

ақ, Түркияның Сүлеймания кітапханасындағы Жаруллаһ қорындағы нөмірі – 487 нұсқадан жасалған көшірмелер сақтаулы.

Александрия қаласы, әл-Бәләдия кітапханасы, нөмірі: усул 5.

*III. Сауд Арабиясы Корольдігі. Рияд. Король Фейсал Зерттеу және исламтану орталығы:*

1-нұсқа, нөмірі – ф/Э /3- 2853;

2-нұсқа, нөмірі – ф/Э – 3-291;

3-нұсқа, нөмірі – ф/Э – 4-2910;

4-нұсқа, нөмірі – ф/Э -2911;

5-нұсқа, нөмірі – ф/Э -1-2911;

6-нұсқа нөмірі – ф/Э -2-2911 ;

7-нұсқа, нөмірі – ф/Э-3-2911;

8-нұсқа, нөмірі – ф/Э-2912;

9-нұсқа, нөмірі – ф/Э -1-2912;

*IV. Германия, Берлин қаласы, Мемлекеттік кітапханасы, нөмірі – 4858;*

*V. Франция, Париж қаласы, Ұлттық кітапханасы, нөмірі – 802;*

*VI. Ұлыбритания, Лондон қаласы, Британия музейі, нөмірі – 207.*

**Әл-Итқанидің «аш-Шамил» еңбегіндегі әдістемелік ұстанымы:**

Әл-Итқани «Усул әл-Баздауи» кітабын түсіндіру барысында жалпылама және егжей-тегжейлі сипаттау әдісін қолданған.

«Усул әл-Баздауи» кітабы – ханафилердің әдісі бойынша жазылған ең таңдамалы туындылардың бірі. Осы кітапта қолданылған әдістің түсіндірушіге де ықпалы тиген. Ал-Итқани өз шархында «Усул әл-Баздауидің» тәртібі мен жүйесін назарда ұстаған. Түсіндірмені зейін қойып оқыған адам әл-Итқанидің фиқһ тарауларын кеңірек баяндағанын аңғарады. Әрбір тараулардың арасындағы байланысты, үйлесімділікті көрсетіп отырады.

әл-Итқани фиқһ негіздері бойынша том-том кітаптарды ақтарып, еркін сусындаған, оларға терең бойлап, байыпты талдаулар жүргізген, сондай-ақ осы бағыттағы түрлі әдіс-тәсілдермен жетік таныс болған. Оның бұл еңбегінен әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Ханафи әдістемесіне дәлелдерге аса мән беріп және бұны бөлімдерді жазу кезінде негіз етіп алады. Жуан әріптермен ерекшелеп, «оның сөзі» деп бастап, әл-Баздауидің сөзінен үзінді келтіреді де түсіндірмені «яғни», «мағынасы», «біліп қой» деген секілді сөздермен бастайды. Әл-Итқани өз ойын тікелей қағаз бетіне түсірген, егер әл-Баздауи секілді үлкен ғалымдардың көзқарасына келіспесе, түсіндіріп айтады. Бұл оның белгілі



бір ұстанымға қатып қалып қалмағандығын, дәлелдерден үкім шығара алатын, ой талқысына салып, бағамдай білуге қабілеттігі көрінеді. Дәлелдердің бірін екіншісінен қуаттырағын таңдау (таржих) әдісін де қолданады. Бұл мәселелерге төменде кеңірек тоқталмақпыз.

Сөздері ауыр әрі мағыналарының тереңдігімен ерекшеленетін кітапқа түсіндірме жазу авторға жеңіл әрі оңай әдіс таңдауды міндеттейді. Себебі оның мақсаты – кітапты оңайлату, мазмұнына дендеп еніп, байыпты саралау. Әл-Итқанидің таңдаған тәсілі де – міне осындай. Еңбек жеңіл тілді, сөйлемдердің байланысымен, жеріне жеткізе толықтай түсіндіруімен ерекшеленеді.

Әл-Итқани оқырман үшін кітап мәтіні мен түсіндірменің арасын байланыстыруды жеңілдететін жолды таңдаған. Автор оқырманына осыны әрдайым ескеріп отырады:

«Бұл Пайғамбардың ижтиһад жасауға рұқсат еткендігіне мәтінмен дәлел келтіру», «Бұл жерде шейх (ұстаз) өзі таңдаған сөздерді келтіріп жатыр», «Шейх қияс бөлімін беске бөлгеннен кейін әр бөлігін жеке-жеке айтады», «Шейх ижтиһад жасаудан бұрын күту керектігін айтқан соң, енді сол күту мерзімін айта бастады», «Бұл бірінші топқа қайтарып айтқан жауабы», «Үшінші топ өкілдері – олар: «тек үкімдердің жойылғаны жөнінде дәлел келмесе, ол да Пайғамбарымызға (саллалаһу алейһи уа сәллам) шарифат» деп, біздің алдымыздағы шарифаттар бойынша амал ету міндет дейтін топ.

Кітаптың әр бөлімін бір-бірімен жиі байланыстырады. Талқыланған тақырыптарға келсе, осы бөлімде не кітаптың басқа бөлімдерінде болса, оны да ескертіп, сілтеме жасайды. Мысалы, сүннеттің түрлері жайлы айтып жатқанда: «сүннеттің сөздік және терминдік мағыналары «рұқсат» тақырыбында толығымен келтіріледі, немесе: «бұл мәселе өткен тарауда толықтай талқыланды» деген секілді сөздермен көрсеткен.

Әл-Баздауидің сөздерінің арасын байланыстырып, «мына сөзі мына сөзінің жалғасы» деп алдыңғы бөліммен алтыншы бөлім арасындағы реттілікті: «Бұл жерде шейх, басталып жатқан бөлім мен (алтыншы) оның алдындағы бөлім арасындағы байланысты түсіндіріп отыр», – дейді.

Әл-Итқани мағынасы қиын терминдерге тілдік және терминдік тұрғыда анықтамалар береді. Ол сөздің тілдік мағынасына, одан кейін сөздің төркініне үңіледі. Егер терминнің бірнеше мағынасы болса, олардың бәріне шолу жасап, қолданылып отырған мағынаны көрсетеді.

Тіл ғұламаларының сөздеріне жүгінеді, ал мағынасы айқын сөздердің тілдік мағынасына тоқталып жатуды қажет деп санамаған. Кейде тілдік мағынаны анықтауда Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерінен мысалдар келтіреді. Сөздің терминдік мағынасы оның тілдік мағынасынан кейін келеді. Тілдік және терминдік мағыналары арасындағы байланысты да ескереді. Ұқсас терминдер арасында салыстырмалар жасап, арасындағы айырмашылықтарды, ерекшеліктерді атап өтеді. Сондай-ақ бір терминге қатысты ғалымдардың түрлі анықтамаларын ұсынады. Анықтамаға қатысты кейбір үкімдерге, түрлі пікірлерді тілге тиек етеді.

Дәйектерді тізбектеуде әл-Итқани (р.а.) имам әл-Баздауидің (р.а.) тәсілін назарда ұстаған. Оның тәсілі жоғарыда айтылып өткендей: нақли дәлелдерді бірінші орынға қояды, Құран мен сүннетке иек артады, сосын ижмағ, одан кейін ақли дәлелдерге сүйенеді. Бұл тұрғыда әл-Итқани: «Үмбеттің туралықты көрсеткен ғалымдары «Қиясты» шарифи үкімдерінде дәлел: Кітап (Құран), сүннет, ақли дәлел».

Әл-Итқанидің (р.а.) дәлелдерді тізбектеудегі ықыласы мыналардан байқалады: (Мынау Кітап, сүннет және ақыли дәлелдердің арасындағы өзгешеліктер), егер сөз барысында Кітаптан дәлел болса оны былай жазады: «Кітаптан дәлелдер», сондай-ақ, ақыли дәлелдерді айтарда: «Ақыли дәлелдерге келсек», – дейді. Ол хадистерді дөп келтірсе де өзінің тәсілімен қолданған. Бұл тұрғыда әл-Итқани: «Ұстаз алдымен үш нәрсе-ні жалпылама айтқан. Сосын оларды жеке-жеке баяндаған. «Кітаптан дәлелдер», «Ақыли дәлелдер» – бұл «Қияс» және «Сүннеттен дәлелдер», осы жерде хадистерді келтірумен шектелген. өйткені ұстаздың түсіндіруге тырысқанын көрген» деп жазады.

Құраннан алынған дәлелдер көп кездеседі. Кейде сүренің атын көрсетпей, тек аятты берумен шектелсе, кейде айтады. Сондай-ақ, өзге аяттармен қоса дәлел ретінде қалай қолданғанын тілге тиек етіп, оған хадистерді де қосады. Бұларға үстеме аятты түсіндірген тәпсіршілердің сөздерін де келтіреді. Сондай-ақ, тілдің, усул қағидаларын кәдеге жаратады. Кейде аят ашық баяндалса, бұлардың ешқайсысын айтпай, тек аятты береді. Бұларға қоса егер аяттардың кей сөздерін кеңірек саралауға тура келсе, араб тілі ғалымдарының сөздерін пайдаланады.

Хадистерден де айғақтар келтіріледі. Имам әл-Баздауи хадистердің мағыналарын ғана беріп, рауилері мен хадис жинақтарына сілтеме жасамайды. Ал әл-Итқани көптеген жерде

хадистерді мағынасымен емес, өзін толық беріп, сондай-ақ, рауилері мен хадис жинақтарын атап өткен. Кейде хадистерді толық беріп, рауилер мен хадис жинақтарын көрсетпейді. Кейде имам әл-Баздауидің жазғанына еш нәрсе қоспайды. Ал хадис мазмұны ашық, түсінікті болса, оны баяндамайды.

Сол секілді әл-Итқани ғалымдардың сөздерін келтіргенде мағынасымен жеткізіп, оның кімнің сөзі екендігін, кімдер жеткізгендігін келтірмейді. Кейде сөзбе-сөз риуаят етіп қана қойса, кейде тізбегін, жеткізушілерін және қай кітаптан келгенін көрсетеді. Соңында, бұл сөздерді келтіру себебін де айтып кетеді. Ал мағынасы ұғынықты, айқын болса, онда баяндап жатуды қажет деп санамайды.

Қауам ад-дин түрлі адамдардың ижмағынан дәлелдер ұсынады. Солардың ішінде: бүкіл сахабалар, факих ғалымдар, табиғииндер, жалпы сәләф ғалымдары, усул ғалымдары және ханафи ғалымдарының ижмағдарын дәйек етіп ұстанады.

Әл-Итқани жоғарыда айтылған дәлелдерін қуаттай түсуге үстеме ақли дәлел мен қиясты келтіреді.

Әл-Итқани ханафи ғалымдарының (Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мұхаммед) пікірлерін келтірумен шектелмей, олармен бірге көптеген ғалымдардың маңызды деп есептеген түрлі пікірлерін, дәлірек айтсақ, Мәлики мәзһабы, Шафиғи мәзһабы, Ханбали мәзһабы, әһлу хадис пікірлері, Ирақ ғалымдары, Самарқанд ғалымдарының пікірлерін келтірген. Сондай-ақ, Мутакаллим-

дер<sup>2</sup>, Ашғари, Муғтазила, Заһирлер, Зайдия<sup>3</sup>, Имамия<sup>4</sup>, Аһлу мантық<sup>5</sup>, Харижилер, Ибадия<sup>6</sup>, Азариқа<sup>7</sup>, Нажадат<sup>8</sup> секілді топ өкілдерінің де ұстанымын тілге тиек етеді.

Сол секілді әл-Итқани усул және фикһ саласында көпшілік ғалымдардан өзгеше пікірлерді ұстанған ғалымдардың сөздерін сараптаған. Олар: Кархи, Зуфар, Әбу Сағид Бардағи, Жуайни, Әбу Хамид әл-Ғаззали, Әбу Мансур әл-Матуриди, Хасан ибн Зияд, Хаммад ибн Әбу Сулайман, Әбу Һашим Муғтазили, Әбу Али Жуббаи, Әбу Абдулла Басри, Абу Али ибн Әбу Хурайра, Қади Бакқилани, Әбу Бәкір Сайрафи, Әбу Исхақ Маруази, Әбу Исхақ Исфираини, Әбу Бәкір ибн Фурак т.б.

Бірнеше үлкен ғалымдар, топтар, мәзһабтар арасындағы қайшылықтар шеңберін кең ұстаған. Онда да үкім мен сөздерді кімдер айтқандары мен олардың сөздерін жеткізуде өте ұқыптылық танытқан. Әсіресе ғалымдардың көзқарастарын, олардың негізгі еңбектеріне жүгінгендігін ескерсек, бұл еңбектің энциклопедиялық сипаттағы шығарма екендігін аңғарамыз.

<sup>2</sup> Ақида ғалымдары.

<sup>3</sup> Шейттердің бір тобы.

<sup>4</sup> Шейттердің бір тобы.

<sup>5</sup> Логика ілімі. Алғаш негізін қалаған грек ғалымы Аристотель. Сосын ретке келтірген мұсылман ғалымдарынан әл-Фараби.

<sup>6</sup> Харижилердің бір тобы.

<sup>7</sup> Харижилердің бір тобы.

<sup>8</sup> Харижилердің бір тобы.

#### Әдебиеттер

1 Шейх Әбсаттар Дербісәлі. Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357). Өмірі мен мұрасы. – Алматы, 2013.

2 Аширбек Муминов. Присирдарьинские ханафиты в VI-VIII / XII-XIV веках // Исламтану және араб филологиясы мәселелері. – Алматы, 2008.

3 «Аш-Шамил» фи-шарх усул ул-фикһ лиш шейх Имам Фахр-Ислам Али әл-Баздауи. Талиф: Қауам ад-дин әби Ханифа әмир Катиб бин әмир Омар әл-Имад әл-Фараби әл-Итқани. әл-Жузу әс-Самин әл-қисм әс-сани, мин баб (ат-Тард) аһад қауадиһ әл- илла хата ахар ануау ил-ихтисан. Дирасат уа тахқиқ. Рисалат муқаддима ли наил даража әл-мажистр. Идадад ат-талиб. Хамд бин әбд Аллаһ әл-Хамад, 1422, ар-Рияд.

4 «Аш-Шамил» фи-шарх усул ул-фикһ лиш шейх Имам Фахр-Ислам Али әл-Баздауи. Талиф: Қауам ад-дин әби Ханифа әмир Катиб бин әмир Омар әл-Имад әл-Фараби әл-Итқани. Мин баб баян ақсам әс-суннат хатта ахар баб ат-тааин илхак әл-хади мин қабл ғаир рауиһ. Дирасат уа тахқиқ. Рисалат муқаддима ли наил даража әл-мажистр. Идадад ат-талиб. Саид бин Саат әл-Умари, 1423-1424, ар-Рияд.

#### References

1 Sheikh Absattar Derbisaly. Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi at-Turkestani (1286- 1357). The life and inheritance, Almaty, – 2013;

2 Ashirbek Muminov. Syrdaryan Khanafits in the VI-VIII / XII-XII centuries // Islamic studies and Arab philology problems. Almaty, – 2008.

3 “Ash-Shamil” fi sharh usul ul-fikh lish sheikh Imam Fahr- Islam Ali al-Bazdaui. Talif: Kauam ad-Din Abi Khanifa Amir Katib ibn Amir Omar al- Imad al-Frabi al-Itkani. Al-Djuzu as-Samin al-kism as-sani min bab (at-Tard) ahad khauadih al-illa hata ahir annuau il-ihitisan. Dirasat ua tahkik. Risalat mukaddama li nail daraja al-majistir. Idadad at-talib. Hamd ibn abd Allah al-Hamad, 1422 ar-Riyad.

4 “Ash-Shamil” fi sharh usul ul-fikh lish sheikh Imam Fahr-Islam Ali al-Bazdaui. Talif: Kauam ad-Din Abi Khanifa Amir Katib ibn Amir Omar al-Imad al-Frabi al-Itkani. Al-Djuzu as-Samin al-kism as-sani min bab at-tain ilhak al-hadi mn kabil gair riuyah. Dirasat ua tahkik. Risalat mutakaddima li nail daraja al-majistir. Idadad at-Talib. Said bin Saad al-Umari, 1423-1424, ar-Riyad.